**«Оңтүстік Қазақстан ғылым Жаршысы - Вестник науки Южного Казахстана - South Kazakhstan Science Herald» ғылыми журналының**
**ЖАРИЯЛЫМ ЕРЕЖЕСІ**

Журналдың мақсаты: жаңа идеяларды, ғылым мен техниканың проблемалық мәселелерін, жаңа әзірлемелерді және ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелерін мамандардың кең ауқымды ортасына жеткізу.

Журналда ғылыми немесе ғылыми-практикалық маңыздылығы бар ғалымдар, оқытушылар, магистранттар, докторанттар, өндіріс қызметкерлерінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелері жарияланады. Журнал фундаменталды және қолданбалы зерттеулер саласындағы өзекті мәселелер бойынша аналитикалық, шолу және проблемалық сипаттағы ғылыми мақалаларды, дискуссиялық маматериалдарды төмендегі бағыттар бойынша жариялайды:

- техникалық ғылымдар;
- информатика, IT-технологиялар;
- жаратылыстану ғылымдары;
- агроөнеркәсіп кешені;

Журналға мақала жариялау мүмкіндігі туралы қорытынды сараптама комиссиясының қорытындысы негізінде жасалады, оның құрамын М.Әуезов атындағы ОҚУ Ғылыми Кеңесі бекітеді.

- Тілдер - қазақ, орыс, ағылшын.
- Мерзімділік - жылына 4 нөмір.

## Мақалаларды рәсімдеу талаптары

1. Мақала мәтіні қағаз және электронды түрде ұсынылады. Мәтін Microsoft Word мәтіндңк редакторында Times New Roman шрифтимен терілген болуы тиіс, негізгі мәтін шрифтінің көлемі 12 p.t., сызбалар, диаграммалар - 11 p.t., жоларалық интервал - біреулік, тармақтың басындағы шегініс - 1,0, мәтінді енін бойлай теңестіру қажет.
2. Бет параметрлері: А4, жиегі: сол жағы - 2 см, оң жағы - 2 см, жоғары жағы - 2 см, төменгі жағы - 2 см.
3. Мақаланың жалпы көлемі, оның ішінде кестелер, иллюстрациялар және әдебиет тізімін қоса есептегенде - 3-тен 10 бетке дейін.
4. Мақала тақырыбы қысқаша болуы және мақаланың мазмұнын көрсетуі қажет
5. Қазақ тіліндегі мақалалар үшін *аннотация* және *abstract,* орыс тіліндегі мақалалар үшін *түйін* және *abstract,* ағылшын тіліндегі мақалалар үшін *түйін* және *аннотация* болуы міндетті. *Аннотация, түйін* және *abstract* мазмұндары бірдей болуы керек, сөздердің саны 100 ден 150 сөзге дейін жазылады.
6. Автор (лар) туралы мәліметтер: аты-жөні тегі, академиялық дәрежесі, ғылыми атағы, мекеменің атауы, қала, мемлекет.

## Мақала құрылымы

1. Жоғарғы сол жақ шетінене - ӘОЖ (әмбебап ондық жіктеу) көрсетіледі (11 p.t.).
2. Автор(лар)дың А.Ж.Т. хат алмасу үшін авторды көрсету (12 p.t.).
3. Қызметі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, мекеменің атауы, қала, мемлекет (11 p.t.).
4. Автор хат алмасу мақсатында: авторлардың бірінің поштасы көрсетілуі керек.
5. Мақаланың тақырыбы - мақала жазылған тілінде, Caps Lock 12 p.t.
6. Мақаланың түйіні - мақала жазылған тілінде, 11 p.t.

Түйін - ғылыми мақаланың қысқаша мазмұны. Түйіннен оқырман зерттеудің мәнін түсінуі қажет. Жұмыстың нәтижесі өте дәл және ақпаратқа толы түрде сипатталады.

Мәтінде маңызссыз ақпарат, қосымша кіріспе сөздер, жалпы және шамалы тұжырымдар, қысқартулар, әдебиеттерге сілтемелер болмауы керек. Түйін бір абзацта жазылуы қажет. ***Сапалы өңделген және аударылған түйін мақалаға деген қызығушылықты, сондай-ақ***

***шетелдік әріптестердің мақалаға сілтеме жасау мүмкіндігі арттырады.***

7. Кілттік сөздер - 10 сөзге дейін, 11 p.t.

8. Мақаланың мәтіндік бөлімі (12 p.t.). Мақаланы тақырыптар арқылы жазу қажет, мысалы: **Кіріспе (міндетті), Теориялық талдау, Тәжірибелік бөлім, Нәтижелер мен талқылау, Қорытындылар (міндетті), Белгілер, Әдебиеттер тізімі (міндетті). Тақырыптар нөмірленбейді.**

Мақалада формулалар болған жағдайда, олар формула редакторларының бірінде терілуі керек (Microsoft Equation немесе MathType). Кестелер мен сызбаларды атап өткеннен кейін орналастыру керек. Әр кестенің атауы болуы қажет. Суреттер анық, сканерленбеген болуы қажет. Сурет асты жазба үлгісі: Сурет 1. Тәуелділік: а - ... ; ә - ...

Барлық аббревиатуралар мен қысқартулар, бұрынан белгілілерді қоспағанда, бірінші рет айтылған кезде толық жалуы қажет. Әдебиеттер тізіміндегі дереккөздерге сілтемелер төртбұрышты жақшада, сандармен және мақала мәтініндегі бетті көрсетпей көрсетілуі тиіс.

9. Әдебиеттер тізіміне тек мәтінде сілтемелер жасалаған және жарияланған немесе

жариялануға қабылданған жұмыстар ғана ене алады. Әдебиеттер мәтінде қолданылған ретімен нөмірленуі қажет. Өз-өзіне жазалған сілтемелер саны жалпы тізімнің 20-30% -дан аспауы қажет. 10-15 жылдан аспайтын әдеби көздер тізімні кемінде 70% болуы қажет.

10. Түйін (қазақ тіліндегі мақалалар үшін орыс және ағылшын тілдерінде, орыс тіліндегі

мақалалар үшін қазақ және ағылшын тілдерінде, ағылшын тіліндегі мақалар үшін қазақ және орыс тілдерінде болуы қажет).

11. Хат алмасу мақсатында жауапты автор туралы ақпарат: А.Ж.Т., телефон нөмірі, электронды поштасы.

«Оңтүстік Қазақстан ғылым Жаршысы - Вестник науки Южного Казахстана - South Kazakhstan Science Herald» ғылыми журналының редакторы Айнабеков Н.Б. - ғылыми талдамалық ақпарат орталығының басшысы; техникалық редакторлары: Александриди Е.Ю. - ғылыми және басылымдық қызмет интеграциясы бөлімінің бас маманы.

Журналдың редакциясында жариялауға ұсынылған барлық мақалалар плагиатқа тексеріледі. Мәтіннің жеке-даралығы 60% -дан аз болған жағдайда, мақала жариялауға қабылданбайды. Кемінде 7 әдебиет көзі болуы керек.

Редакция мекен-жайы: Шымкент, Тәуке-хан даңғылы, 5, М. Әуезов атындағы ОҚУ, № 16 ғимарат, 206 бөлме, 2 қабат, телефон: +7 (7252) 21-19-82, 30-05-71, факс: +7 (7252) 211989, email: ite sksu@mail.ru

Жариялым құны - 4000 теңге. Төлем банктік аударым арқылы қабылданады.

**Банк реквизиттері:**

АҚ «Еуразиялық банкі»,
«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК
СТТН 582100003432
ЖСК KZ 9894815KZT22032170 (KZT)
ЖСККZ0294815EUR22030240 (EUR)
ЖСК KZ8494815RUB22030380 (RUB)
ЖСК KZ3294815USD22030617 (USD)
БСК EURIKZKA
Коды 16
БСН 990240005557
ҚҰЖЖ 39140473
ЭҚТЖЖ коды 85420
ӘАОЖ коды 511013100
Әкімшілік аумақтық объектілердің коды 511013100

**Қосымша 1**

**1 нұсқа**

ӘОЖ 541.18 (шрифт өлшемі - 11 п.т.)

**Г.А. Асқарова* (12 п.т.)**
ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан (11 п.т.)
***Корреспонлент авторы:** primer@mail.ru (11 п.т.)

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ** (12 p.t.)
**Түйін** (11 p.t.)
**Кілттік сөздер** (11 p.t.)
Негізгі мәтін (12 п.т.)
**Әдебиеттер тізімі** (12 p.t.)
1.
2.
**Аннотация** (11 p.t.)
**Abstract** (11 p.t.)
Сведения об авторе, ответственном за переписку

**2 нұсқа**

ӘОЖ 541.18 (шрифт өлшемі - 11 п.т.)

**Д.К. Тоқтаров, Е.М. Жұмағұлов*, Д.Б. Айдарбекова, С.Н. Дәрібеков (12 п.т.)**
т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан (11 п.т.)
т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан (11 п.т.)
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан (11 п.т.)
т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан (11 п.т.)
***Корреспондент авторы:** primer@mail.ru (11 p.t.)

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ** (12 p.t.)
**Түйін** (11 p.t.)
**Кілттік сөздер** (11 p.t.)
Негізгі мәтін (12 p.t.)
**Әдебиеттер тізімі** (12 p.t.)
1.
2.
**Аннотация** *(11 p.t.)*
**Abstract** *(11 p.t.)*
*Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат*

**3 нұсқа**

ӘОЖ 541.18 (шрифт өлшемі - 11 п.т.)

**Д.К. Тоқтаров[1], Е.М. Жұмағұлов[1*], Д.Б. Айдарбекова[2], С.Н. Дәрібеков[3] (12 п.т.)**
[1]т.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
[1]п.ғ.к., доцент, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
[2]аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[3]PhD, доцент, Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан
[*]**Корреспондент авторы:** primer@mail.ru (11 p.t.)

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ** (12 p.t.)

**Түйін** (11 p.t.)

**Кілттік сөздер** (11 p.t.)

Негізгі мәтін (12 p.t.)

**Әдебиеттер тізімі** (12 p.t.)

1.
2.

**Аннотация** *(11 p.t.)*

**Abstract** *(11 p.t.)*

*Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат*

**Қосымша 2**

**Әдебиеттер тізімін рәсімдеу**

***Кітап (монография, жинак):***

Рамм В.М. Газдар абсорбциясы. Алматы: Химия, 1976, 352б.

Механика жидкости и газа / Под ред. Швыдкого В.С. М.: Академкнига, 2003, 288с.

Separation and purification / Eds. Perry E.S., Smith J. Amsterdam: Elsevier, 2008, 357p.

Справочник химика. Т. 3. М.: Химия, 1984, 293с.

Паустовский К.Г. Золотая роза // Собр. соч.: В 7 т. М., 1984. Т. 3. С. 287-528.

***Диссертацияның немесе диссертация авторефераты:***

Иванов А.А. Диссертация атауы. Дис. ... хим. ғылым. канд. М.: Институт, 2001, 189б.

Иванов А.А. Диссертация атауы. Дис. ... техн. ғылым. докт. М.: Институт, 2001, 189б.

Иванов А.А. Диссертация атауы. Автореф. дис. ... техн. ғылым. докт. М.: Институт, 2001, 189б.

***Жарияланбаған құжат:***

Латыпов А.Р., Хасанов М.М. (2004) Геология және өндіріс. Компьютерлік бағдарламаның ресми тіркелуі туралы куәлік. No. 2004611198. (Жарияланбаған).

***Интернет-ресурс:***

Әдебиеттер тізіміне сілтемелер жасау ережесі. Мына сілтемеде: http://www.scribd.com/doc/1034528/ (7 ақпан 2011 ж.).

***Нормативті құжаттар:***

ГОСТ 8.586.5-2005. Методика выполнения измерений. Измерение расхода и количества жидкостей и газов с помощью стандартных сужающих устройств. М.: Стандартинформ, 2007, 10с.

***Патенттер мен авторлық куәліктер:***

Иванов А.А. Атауы. Пат. 2120853 ҚР. 2000.

Smith J. Название. Pat. 4859376 USA. 2012.

Иванов А.А. Название. А. с. 163514 СССР // Б. И. 1967. № 16. С. 44.

***Журналдағы мақалалар:***

Аксартов Р.М., Айзиков М.И., Расулова С.А. Леукомизинді сандық анықтау әдісі // ҚазҰУ хаб., Хим. сер., 2003, Т. 1. № 8, Б. 40-41. doi: ... (бар болған жағдайда)

Smith J., Weber H. Name of the article. // Chem. Eng. Sci., 1988, V. 99, № 5, P. 86.

***Жалгастырмалы. басылымдағы мақала (еңбектер жинағы):***

Георгиева Р.С. Мақала атауы // Биология институтынығ ғылыми еңбектер жинағы. Алматы, 2004, Б. 214-217.

***DOI-дан алынған мақала:***

Иванов А.А. Атауы. Ресей электрохимия журналы, 2008, Т. 44, №. 8, б. 926-930. doi: 10.1134/S1023193508080077

***Конференция материалдары:***

Иванов А.А. Баяндама атауы. IV ғылым. конф. (толық атауы) баяндамалар тезисі. Ташкент, 2014, Б. 77-81.

Smith J. Name of the article. Proc. 7th World Congr. of Chemical Engineering. Glasgow, 2005, P. 112-117.

***Депозиттеу:***

Каверина Л.П., Березовская И.В. Қояндардың қан ұюы көрсеткіштерінің маусымдық өзгерістері. М., ВИНИТИ-де деп., 13.09.2009, V, 21 б., № 5853 - И 89.

***Есептер:***

Есеп № 81047478. ҚазКСР ҒА МжБИ. Үрдістердің кинетикасы мен химизмін зерттеу. Алматы, 2003, 240 б.

**Қосымша 3**

**Әдебиеттер тізімін рәсімдеу үшін әріптерді қазақ әліпбиінен ағылшын әліпбиіне транслитерациялау үлгісі**

| **Қазақ әліпбиі** | **Т ранслитерация** |
|---|---|
| А | a |
| Ә | A̋ a̋ |
| Б | b |
| В | v |
| Г | g |
| Ғ | Ġ ġ |
| Д | d |
| Е | e |
| Ё | yo |
| Ж | zh |
| З | z |
| И | i |
| Й | j |
| К | k |
| Қ | Ķ ķ |
| Л | 1 |
| М | m |
| Н | n |
| Ң | Ņ ņ |
| О | o |
| Ө | Ô ô |
| П | p |
| Р | r |
| С | s |
| Т | t |
| У | u |
| Ұ | U̇ u̇ |
| Ү | Ù ù |
| Ф | f |
| Х | x |
| Ц | cz, c |
| Ч | ch |
| Ш | sh |
| Щ | shh |
| Һ | ḥ |
| Ъ | `` |
| Ы | y` |
| Ь | ` |
| Э | e` |
| Ю | yu |
| Я | ya |